



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 12 ақпан

2018 жылғы 2 ақпаннан 9 ақпан аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу


9 ақпандағы сауда-саттық қорытындылары бойынша теңгенің нарықтық бағамы бір аптаның ішінде 1,8%-ға (321,62-ден) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 327,32 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 2018 жылғы 2 ақпаннан 9 ақпан аралығындағы маңызды оқиғалар Англия Банкінің базалық мөлшерлемені және бағалы қағаздарды сатып алу бағдарламасын бұрынғы деңгейде сақтап қалуы, ЕОБ өкілдерінің және Англия Банкінің басшысы Марк Карнидің орталық банктердің монетарлық саясатына қатысты түсініктемелері, Еуропа Орталық банкінің экономикалық бюллетеньді жария етуі, рекордтық деңгейлерге қол жеткізуден кейінгі акциялар нарығына түзетулер, сондай-ақ АҚШ-тың федералдық бюджеті туралы жаңа заңға қол қою болды. Осы факторлар инвесторлардың тәуекелге төзімділігінің күннен күнге төмендеуімен қатар АҚШ доллары бағамының дамушы елдерде нығаюына әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- Ресей рублі мұнай бағасының төмендеуі, Қаржы министрлігінің Ресей рублін АҚШ долларына сату бойынша ақшалай операцияларды өткізу және Ресей Федерациясы Орталық Банкінің базалық мөлшерлемені төмендетуі аясында 3,2%-ға (56,24 -тен 58,37-ге дейін) әлсіреді;
- Бразилия реалы ақпан айында зейнетақы реформасын қабылдау үшін Сенатта дауыстардың жеткіліксіздігі және Бразилияның Орталық банкінің базалық мөлшерлемені төмендетуі туралы жаңалықтар аясында 2,5%-ға (3,22-ден 3,30-ға) әлсіреді.
- Индонезия рупиясы АҚШ долларының жалпы нығаюы аясында 1,3%-ға (13 452-ден 13 628-ге дейін) әлсіреді;
- Түрік лирасы Түрік Республикасының Орталық банкінің инфляцияның өсуін күту бойынша ақпаратты жария етуі аясында 1,3%-ға (3,77-ден 3,82-ге дейін) әлсіреді;
- Мексика песосы 0,6%-ға (18,59-дан 18,70-ке дейін) әлсіреді;
- Үндістан рупиясы 0,5%-ға (64,06-дан 64,40-қа дейін) әлсіреді;
- Оңтүстік Африка рэнді 0,8%-ға (12,09-дан 11,99-ға) нығайды.

**Дамушы елдердің валюталары бағамдарының АҚШ долларына қарағанда өзгеруі, %
(2018 жылғы 2-9 ақпан)**



Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz